



# Аршалы айнасы

АРШАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ  
2007 жылдың қаңтар айынан бастап шығады

23 ҚЫРКҮЙЕК, ЖҰМА.  
2016 ЖЫЛ, №40 (520)

Тіл тағдыры-ел тағдыры

## АУДАНДАҒЫ ТІЛДІҢ АХУАЛЫ

Тіл - адам мен адамды, ұлт пен ұлтты жақындастырып, табыстыратын өзгеше құрал. Тіл - татулықтың, достықтың дәнекері. Достығы мен ынтымағы жарасқан егеменді еліміз 1997 жылдың 11 шілдесінде «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңын қабылдады. 130 астам ұлт өкілдері тұратын республикамызда мемлекеттік тіліміз бен өзге ұлттардың ана тілін, төл мәдениетін дамытуға еркіндік берілді. Қазақ тілі - барлық ұлттар мен ұлыстардың бір жерге, бір мақсатқа топтастыру факторы бола білді.

Аршалы ауданында тілдерді дамыту саласына ауқымды жұмыстар жүргізді деп айтуға болады. 2014 жылдың 16 сәуірінде №А-132 Аршалы ауданы әкімдігінің қаулысы қабылданды, Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен бекітілген «Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» іске асыру жөнінде Аршалы ауданының 2014-2016 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілген. Барлық мемлекеттік ұйымдар осы бағдарламамен танысып, өздерінің бағдарламаларын ұсынды. Тілдерді дамыту саласына 2016 жылға 6594 мың теңге қаржы бөлінді.

Жергілікті атқарушы органдарда құжат рәсімделуі «Қазақстан Республикасының тіл туралы» Заң талаптарына сәйкес келеді. Жыл сайын прокуратурамен бірлесіп «Қазақстан Республикасының тіл туралы» Заң талаптары орындалуы бойынша тексеріс өткізіледі. 2015 жылы 48 мемлекеттік мекемеде тексеріс өткізілсе, 2016 жылы 10 мекемеде жүргізілді.

2015 жылғы мемлекеттік ұйымдарда қазақ тілдегі іс жүргізудің жалпы жылдық көрсеткіші - 98,1% құрады, ал 2016 жылдың 9 айына-100%, жоспар - 97%.

Аршалы ауданы тұрғындарының жалпы саны - 27225, осының ішінде қазақ тұрғындардың саны - 10309, мемлекеттік тілді меңгерген тұрғындардың үлесі - 37,9%. Мемлекеттік тілді меңгерген тұрғындардың саны - 18738 тұрғын, немесе 68,83%.

2014 жылғы 04 қарашадағы №А-370 Аршалы ауданы әкімдігінің қаулысы негізінде «Аршалы ауданының мемлекеттік

тілді оқыту орталығы» ММ, «Аршалы ауданының тілдерді оқыту орталығы» КММ ауыстырылды. Орталықтың 10 тобында 120 адам оқиды. Орталық жоғары білімді мамандармен және әдебиеттермен қамтылған. Осы жылы орталықта ағылшын тілін оқытатын топ ашу қажет. 2015-2016 жылдарда 200 астам



мемлекеттік және бюджеттік қызметкерлер мемлекеттік тілді білу бойынша тестілеуден өтті. Мемлекеттік тілді меңгеру деңгейі - 85% құрады, бұл облыс көрсеткішпен бірдей.

Ономастика саласы бойынша 2006 - 2007 жылдары ауқымды жұмыстар жүргізілді. 4 ауылдық округ пен 8 елді-мекеннің, 42 көшенің атауы өзгертіліп, 72 атауы жоқ көшеге жаңа атаулар берілді. Идеологиялық тұрғыда ескірген елді-мекендер мен көшелердің атауын өзгерту жұмыстары ономастика саласын реттейтін заңнамаларға сәйкес, арнаулы жоспар бойынша кезең-кезеңімен жүргізілетін болады.

«Қазақстанның болашағы - қазақ тілінде» - деген Елбасымыздың қанатты сөзі шындықпен ұштасқандай. Аршалы ауданындағы 28 мектептің ішінен 4 мектеп қазақ тілінде, 11 мектеп мемлекеттік және ресми тілде, 13 мектеп бірыңғай орыс тілінде білім береді. Барлық мектептерде ағылшын тілі жеке пән ретінде оқытылады. Аршалы ауданы бойынша 72 басқа ұлттың бүлдіршіндері мемлекеттік тәрбие беретін топтарда тәрбие алса, 15 басқа ұлттың оқушылары қазақ

тілінде білім беретін сыныптарда оқып жатыр.

Аршалы ауданындағы барлық кітапханалар жыл сайын республикалық бюджет есебінен мемлекеттік тілдегі оқулықтармен, әдістемелік және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етіліп тұрады. 2016 жылы аудандық орталық кітапханалар жүйесіне 2756 дана кітап жеткізілсе, оның 1297-ы қазақ тіліндегі кітаптар. Орталық кітапханаға 2016 жылы аудандық бюджеттен 500 мың теңге кітаптар сатып алуға бөлінді.

2015 жылы аудандық «Аршалы айнасы», «Вперёд» газеттерінде мемлекеттік тілді насихаттауға арналған 38 мақала жарияланса, оның ішінде 25 қазақ тілінде. Осы жылы 25 мақала жарияланды.

«Аршалы ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ әртүрлі жастағы қазақ және өзге ұлт өкілдері арасында мемлекеттік тілді насихаттауға арналған түрлі байқаулар мен іс-шараларды ұйымдастырды. Барлық аудандық байқаулардың жеңімпаздары облыстық байқауларда бағын сынады.

2016-2017 жылдарға келесі мақсаттар тұр:

Барлық мемлекеттік мекемелерде мемлекеттік тілдегі іс жүргізуді - 100% төмен болмау қажет.

2. Аршалы ауданында 2016 жылы мемлекеттік тілді меңгерген тұрғындардың саны 72% төмен болмау қажет.

3. Орталықта ағылшын тілін оқыту бойынша 6 топ ашу қажет.

4. Ономастика саласында жұмыстарды жалғастыру қажет.

5. Мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне 2016 жылдың IV тоқсанында прокуратурамен бірлесіп «Қазақстан Республикасының тіл туралы» Заң талаптары орындалуы бойынша тексеріс өткізу қажет.

6. Білім бөліміне мемлекеттік тілде оқыту бойынша аралас мектептердің санын көбейту және Константин ауылындағы балабақшада мемлекеттік тілді оқыту тобын ашу қажет.

Мерекелеріңіз құтты болсын жерлестер! Барлықтарыңызға мықты денсаулық, ашық аспан және тіл тануда табыстар тілеймін.

**А. БАЙЖҰМА,**  
Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы.

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ-МЕНИҢ ТІЛІМ

Ел мен тіл егіз ұғым. Мәңгілік елдің онымен қатар жасап, бірге дамытын мәңгілік тілі болуы шарт. Ол мемлекеттік тілі-қазақ тілі. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XVI сессиясында сөйлеген сөзінде: «Біздің мақсатымыз-мемлекеттік тілді Қазақстанның барлық азаматтарының меңгеруіне қол жеткізу», - деген еді.



Мемлекеттік тіл-мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық салаларында қолданылатын тіл болғандықтан, жүргізілетін барлық іс-қағаздары мен құжаттар мемлекеттік тілде болуы тиіс. 2016 жылдың 20-қыркүйек күні Аршалы ауданының тілдерді оқыту орталығында мемлекеттік мекемелердің аудармашылар мен іс жүргізушілерінің арасында «Үздік аудармашы-2016» атты байқауы өткізілді. Бұл дәстүрлі байқауға мемлекеттік мекемелерден 6-ы іс жүргізуші қатысып, білім майданында өз біліктері мен қабілеттерін паш етіп, бақ сынасты. Байқаудың мақсаты-мемлекеттік тіл саясатын насихаттау, аудармашылардың тәжірибесін сараптау, кәсіби біліктілігін, аударма мен мемлекеттік тілде дайындалатын іс-қағаздардың сапасын арттыру болып табылды.

(Соңы 2 бетте)

## АҚМОЛА ОБЛЫСЫ АРШАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМДІГІ ҚАУЛЫ

Аршалы кенті № А-381 2016 жылғы 12 тамыз

### Аудандық бюджет шығыстарының басым бағыттарының тізбесін анықтау туралы

«Бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығының 213-тармағына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9934 болып тіркелген) сәйкес, Аршалы ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, аудандық бюджет шығыстарының басым бағыттарының тізбесі анықталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Аршалы ауданы әкімінің орынбасары Ә.Т.Ыбыраевқа жүктелсін.

3. Аудан әкімдігінің осы қаулысы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**А. ТАЙЖАНОВ,**  
Аршалы ауданының әкімі

Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылдың 13 қыркүйегінде №5520 тіркелген.

Аршалы ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № А - 381 қаулысына қосымша

### АУДАНДЫҚ БЮДЖЕТ ШЫҒЫСТАРЫНЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ

1. Еңбекақы және өзге ақшалай төлемдерді төлеу, соның ішінде техникалық персоналдың еңбекақысы және еңбекақыдан барлық ұстап қалулар.

2. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған ақшалай өтемақылар.

3. Алимент, міндетті зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар, жәрдемақылар және өзге әлеуметтік төлемдер, стипендиялар.

4. Банк қызметтеріне төлем жасау, қарыздық міндеттемелерді өтеу және қызмет көрсету бойынша төлемдер, салықтар және бюджетке төленетін өзге міндетті төлемдер.

5. Жанармай сатып алу (ғимараттарды жылытуға қатысты), тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметтер, азық-түлік және дәрі-дәрмектерді сатып алу үшін шығындар.

6. Атқарушылық құжаттарды және сот актілерін орындау.

7. Республикалық және облыстық бюджеттерден нысаналы ағымдағы трансферттер, нысаналы дамытуға трансферттер, бюджеттіккредиттер.

### Сенің азаматшаң- Қазақстан !

Міне, осы күнде жетіп қалды, енді зейнеткерге шығып демалуға да болады. Бірақ, ол бізен қалып әрі қарай еңбектеніп жүр.

## ТАҒЫ ДА ҚАТАРДА



Бекова Алтын Амангелдіқызы 1961 жылы 7 наурыз айында Вишневка ауданы Николаевка ауылында дүниеге келген. Ол үлкен және үлгілі жанұяда өскен. Алтын Амангелдіқызының ата-анасы тоғыз баланы өсіріп, тәрбиелеп, оларға жақсы білім берген.

1978 жылы Алтын Амангелдіқызы Целиноградтың медициналық институтына оқуға түсіп, 1984 жылы оқуын аяқтаған. Оқуын аяқтағаннан кейін өз туған ауданына оралып, 13 жыл аралығында Вишневканың АОО рентгенолог дәрігері мамандығы бойынша жұмыс істеді. Осы уақыт аралығында тұрмыс құрып, екі баланы

дүниеге әкелді. 1997 жылы қыркүйек айында ЕЦ-166/5 мекемесіне келіп, әділет лейтенанты атағымен фтизиатр дәрігері болып жұмыс істеп, подполковник атағына дейін жеткен. Рентгенолог мамандығы қиын мамандықтың бірі болып есептеледі. Бірақ ол бәрінен өте алды.

Алтын Амангелдіқызының жанұясында барлығы әскери адамдар. Беков Серік Құсайынов Қарағандының милиция мектебін бітіріп, ұзақ уақыт ЕЦ-166/5 мекемесінің жедел бөлімінде және де КББО жұмыс істеді. Қызы мен ұлы ИМ Қостанай академиясын бітіріп, қылмыстық-атқару жүйесінде қызметін атқарады. Ұлы-Нұрлан ЕЦ-166/10 мекемесінде жедел бөлімінің бастығы болып жұмыс істейді. Қызы Әсел ИМ Қостанай академиясында ұстаз мамандығы бойынша және де қылмыстық-атқару жүйесінде жұмыс істейді.

Алтын Амангелдіқызы зейнеткерге шықса да, әрі қарай ЕЦ-166/5 мекемесінде фтизиатр дәрігері ретінде ерікті жалданушы болып жұмыс істейді.

ЕЦ-166/5 мекемесінің қызметкерлері Бекова Алтын Амангелдіқызын зейнеткерлікке шыққанымен құттықтап, күнде сондай мейірімді, қайырымды, көңілді болып жүре беруін және де немерелерінде өз еліне адал қызмет атқарады деп сенім білдіріп, үміт артады.

**С. БАЛТАШЕВА,**  
әділет майоры



# МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ-МЕНИҢ ТІЛІМ

(Соңы. Басы 1 бетте)

Сайыскерлерге ресми құжаттарды қазақша-орысша, орысша-қазақша аудару қабілетін сынау мақсатында «Ресми құжаттарды аудару», мемлекеттік терминологиялық комиссия бекіткен терминдерді білу деңгейін анықтау бойынша «Жаңа терминдер әлемі», сондай-ақ, «Көркем аударма» сынды кезеңдерден тұратын үш шарт қойылды. Әділ-қазылар алқасы сайыс қатысушыларының тілдік қоры мен тіл мәдениетіне, жасаған аудармаларының сапасына, мемлекеттік терминологиялық комиссия бекіткен терминдерді білу деңгейіне, сонымен бірге, бір тілден екінші тілге аударудағы мазмұн тұтастығына назар аударды. Өткізілген сайыс қорытындысына сәйкес, аудармашылар қатарында ең үздік деп танылған аудандық аурухана бөлімінің аударма-іс жүргізушісі Мейрамбек Жұмақан «Үздік аудармашы-2016» номинациясына қол жеткізді. Мейрамбектің былтырда өз әріптестерінің арасында озып шыққанын жақсы білеміз. Әділқазылар оның мемлекеттік ресми құжаттарды аудару шеберлігі мен қабілетіне тәнті болды. Қойылған шарттар бойынша бірінші орынды Ижев селолық

округі әкімі аппаратының аудармашысы Күлмира Арыстанбекова иемденсе, екінші орынды Арнасай селолық округі әкімі аппаратының аудармашысы Жұлдыз Төлепбаева иеленсе, Аршалы аудандық мәслихатының аудармашысы Риза Нұрхан үшінші орынды қанағат тұтты. Аудандық тілдер бөлімінің бас маманы Қуандық Нұрхан сайыскерлердің еңбегін еш қайтармай, барлық қатысушыларға дипломдар мен сыйлықтар табыс етті. Қорыта айтқанда, «Қазақстанның болашағы-қазақ тілінде» деген қанатты сөзін әр азамат, әр мекеме, әр ұйым басты мақсатқа айналдырғанда ғана біз мемлекеттік тілімізді барша халықты біріктіретін тілге айналдыра аламыз. Бұл ретте мемлекеттік тілді үйрететін дәрістердің атқаратын рөлі орасан зор. Мемлекеттік тілді үйренем деушілерге әрдайым есігіміз ашық. Олай болса, Елбасы салған сара жолдан таймайық, елдігімізбен туған тіліміз мәңгілік жасай берсін, көк туымыз желбіреп, айбынымыз асқақтай берсін!

**Р. МАХАНОВ,**  
Аршалы ауданының тілдерді оқыту орталығының директоры.

## ТІЛІМ МЕНИҢ ТІРЛІГІМНІҢ АЙҒАҒЫ

**«Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәр-сеңің ең қуаттысы – тілің», деп Алаш арысы Ахмет Байтұрсынұв айтқандай, азат еліміздің мықты тұғырына айналып келе жатқан мемлекеттік тілдің өскелең рөлі мол.**

Тірлігінде тілін ардақтаған, мәдениетінің мәйегін түсінген, ұлт руханиятының бастау басында тұрған, сөз де емес ісінде, отбасы, ошақ қасында оны көзінің қарашығындай сақтаған жұрт жұтамай, көсегесі көгеріп келе жатқанын арғы-бергі тарихты саралаған адамның көзі жетеді. Бұл тұрғыдан келгенде, қазақтың қаймығар жайы жоқ. Қаншама қысаң кезеңдер қыспаққа алып, желкеден түйгенмен, ұлт тілінің өрісін кеңейтіп келе жатқан ұйытқы ұрпақ баршылық. Тіліміздің тіліп түсер темірдей тегеурінін,

сөзіміздің саф алтындай тазалығын, бодан болып бопса тірлікте жүргеннің өзінде сәулесі барлар: «Қазақтар сөз өнеріне жетік келеді. Бұл жұрттың бәріне: оқыған адамдарға да, әліпті таяқ деп білмейтіндерге де, байға да, жарлыға да тән қасиет» (А.Брем). «Түркі халықтарының ішіндегі ең суретшіл, образды тіл – қазақ тілі. Қазақтар өзінің шешендігімен, әсем ауыз әдебиетімен де даңқты». (С.Малов), «Қазақ тілі түркі тілдерінің ішіндегі ең таза әрі бай тілге жатады» (П.Мелиоранский), «Француз тілі Еуропаға қандай әсер етсе,

қазақ тілі түркі мәдениетіне дәл солай әсер еткен» деп (В.Радлов) тандай қаққан. Тәубе, дейтініміз, тәуелсіздігіміз қолға тигелі қазақ тілі мемлекеттік мәртебесін алып, береке бірліктін, басқа жүздеген ұлттардың алтын арқауына, қазынасы ортаймайтын тірлік тынысына айналды. **«Ерлік, ерлік, бірлік, қайрап, бақ, алдын. Жауыз, тағдыр жойды бәрін не бардың Алтын күннен бағасыз бір белгі болып, Нұрлыжұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!»** – деп жырлаған нұлым Мағжан ақынның жүрек сөзіненана тіліміздің шексіз бай, мәңгілік екені көрінеді.

Жасайбер, бостандық, махаббат пен достық тілі – қазақ тілі!

**К. САПАРБАЕВА,**  
Мартынов негізгі мектебі.

## СУДЫҢ ҚОС ТАМШЫСЫНДАЙ

Аршалы кентіндегі Жастар орталығында Отбасы күнімен тілдердің онкүндігіне орай «Екі тамшы» атты сайыс өтті



Сайысқа ауданымыздың сегіздері қатысты. Екі егіз бір адам орнына қатысу, бұл тек табиғаттың жаратылысы ата-анасына ғана емес, бізге де сыйлық. Ауданымызда егіздер аз емес. Бір мезгілде екі жүрек дүние есігін ашқаны қандай ғажап, қуаныш әрі жұмбақ. «Екі тамшы» сайысында бірінші болып өздерін таныстырған Түрген селосынан келген Антон мен Артем Денисенко, содан кейін Ижев селосынан Ангелина мен Карина Богатырева,

Аршалы кентінен Ксения мен Наталья Сидор, Анастасия мен Анна Смирнова, Анар селосынан Диас пен Дильяс Қауғабаевтар өздерінің қызықты фотосуреттерімен бөлісті. Содан кейін әрбір қатысушы «Бір-біріңді жақсы білесің бе?» кезеңінде бір-біріне өздері туралы сұрақ қойып, дұрыс жауап беру керек болды. Соңғы кезең дарындар үшін «Нағыз егіздер» атты кезең. Мұнда егіздер өздерінің шығармашылық нөмірін көрсету керек.

Әділ қазылар алқасына Тілдерді

оқыту орталығының директоры – Руслан Маханов, халықтық «Мираж» би ұжымының жаттықтырушысы Александр Цуп, аудандық мәдениет үйінің әдіскері Галина Конюшкина тағайындалды. Қазылар әділ бағалады.

«Үздік дуэт» номинациясы ағайынды Антон мен Артем Денисенкоға берілді, «Біз бір тұлға» номинациясы Ангелина мен Карина Богатыреваға берілді, «Сәнқой» номинациясы Ксения мен Наталья Сидор, «Егіздер» номинациясы Анастасия мен Анна Смирнова, «Белсенді спортшы» номинациясы Диас пен Дильяс Қауғабаевтарға Барлық қатысушыларға бағалы сыйлықтар табыс етілді. Ешкім назардан тыс қалған жоқ.

Белгілі болғандай егіз балалар бір мезгілде бір анадан туады. Ал мұндай жағдайлар өмірде сирек кездесетін құбылыс. Олар өз ата-аналарына бақыт, қуаныш сыйлайды және бірге жүргенде екі тамшы секілді ғажап көрініс береді. Егіздерге алдағы өмірлерінде бірге қол ұстасып, биік асулардан өтіп, ажырамастай бақыт тілейміз.

**К. ДАСТАНҚЫЗЫ.**  
Суретті түсірген  
**К. БАЛАНДИНА.**

## БАЛА ТІЛІ – БАЛ

Бала тілі – бал демекші Бауданымызға қарасты Ижев ауылындағы «Есіл-жай» балабақшасында Қазақстан халықтарының Тілдер күні мерекесіне орай жүргізіліп жатқан онкүндік аясында шағын мерекелік іс-шара өтті. Ондағы әр топ өз өнерлерін ортаға салды. Тәрбиешелерімен ортаға шыққан балғындар ең алдымен келген қонақтарға үш тілде сәлем берді. Содан кейін балғындар тобы мемлекеттік тілде тақпақ оқып, соңынан ән шырқады. Ал орта таптағылар биден шашу шашса,

ересектер тобы сылдырмақтар мен қазақ халқының күйін сүйемелдеді. Арасында өздерінің жатқа білетін өлең шумақтарын да айтып берді. Ал үлкен топтағы балақандар орыс халқының өнерінен бала-лайка аспабының сүйемелдеуімен ұлттық билерінен би биледі. Балабақша меңгерушісі бакша дәліздерінің бір жағын қазақтың ұлттық кол өнері мен безендірсе, енді бір жағын орыс ұлтының кол өнерімен безендіріп қойыпты. Есіктен кірген адамға олардың шын мәнінде Тілдер күнінің онкүндігіне жақсылып дайындалғаны көрініп

тұр. Өнерлерің үстем болсын жас балғындар!

**М. МЫРЗАТХАН.**  
Суретте: балабақша балғындары.



**Менің ана тілім - шексіз бай, шұрайлы, тегеуріні мықты тіл. Өйткені өмірдің алмастай қырын, абзал сырын түсіне білуіме басты себепкер - сол ана тілім! Мынау жарық дүниеге келгеннен бастап, ананың әлдіімен бойыма сіңіріп келе жатқан тілім мен үшін ең қастерлі, ең қымбат тіл.**

## АНА ТІЛІМ

Ана тілім-ата-бабамыздан амырас болып келе жатқан баға жетпес мұра. Демек, әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның тазалығын сақтауға тиіс. Амал не, туған тілімізді шұбарлап, басқа тілдің сөздерімен араластырып сөйлейтіндерді жиі көремін. Тіпті, туған тілінен безетін сорақыларды да, менсінбеушілікпен қарап, қазақша сөйлеуге ұялатындарды көргенде, белгілі орыс жазушысы К.Г. Паустовскийдің «Туған тіліне жаны ашымаған адам - жәндік» деген сөзі ойыма еріксіз оралады.

Ана тілі - ар өлшемі. Олай болса, тілді шұбарлау - арды шұбарлау, көңіл тұнығын майлау. Ең жақсы адам - ана тілін құрметтеген адам. Бұл сенің басқа тілді меңгеруіңе бөгет болмайды, қайта сені адамгершілікке, шын патриот болуға жетелейді. Ана тілдің терең иірімдеріне бойлай білу –



саналы адам болғысы келетін жас адамның бірінші парызы.

**Н. КЕЛЖАНҚЫЗЫ,**  
Ижев орта мектебінің  
9 сынып оқушысы.

## ҚАЗАҚ ТІЛІ - МЕНІҢ АНА ТІЛІМ

Мен Қазақстан мемлекетінде туып өскеніме қуаныштымын. Қазақстанда жүзден астам өзге ұлт өкілдері, көптеген жылдар бойы тату – тәтті өмір сүріп келеміз. Мемлекеттік тілді білу, мен үшін үлкен жетістік. Осындай бейбіт өмір сыйлаған елбасы Н.Ә. Назарбаевқа алғысым шексіз.

Менің ұлтым орыс болсада, мемлекеттік тіл - менің тілім деймін.  
**Я. КОНСТАНТИНОВА,**  
Ижев орта мектебінің 8 сынып оқушысы.

Қазақ тілі - мемлекеттік тіл болып табылады. Өзін қадірлеп сыйлай білетін әрбір Қазақстан азаматы осыны білуі тиіс. Өйткені Қазақстан – біздің де, сіздердің де Отандарымыз, ал Отанды сүю, оның тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін сүю деген сөз. Мен өзге ұлттан болсамда, мемлекеттік тілде сөйлей алатынымды мақтан етемін. Қадір Мырза Әли ағамсыз айтқандай:

Өзге тілдің бәрін біл,  
Өз тіліңді құрметте! – деп айтқым келеді.  
Осындай білімді санама жеткізіп, білім бергені үшін, Ижев орта мектебінің қазақ тіл пән мұғалімі Қасымова Соня Махмудқызына алғысымды айтамын.

**К. ВИДЕРШПАН,**  
Ижев орта мектебінің 8 сынып оқушысы.

## КЕЛІНІ ЖАҚСЫНЫҢ КЕРЕГЕСІ АЛТЫН

Өткен аптада Аршалы аудандақ мәдениет үйінде «Келіні жақсының керегесі алтын» атты ежелер мен келіндер байқауы өтті. Байқауды Аршалы аудандық ардагерлер кеңесінің төрайымы Шырынкүл Мұхамедиярқызы Ұзақбаева мен ауданымыздың «Ақ әжелер» клубы ұйымдастырған.



Байқау Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің - 25 жылдығы мен «Отбасы» күні, «Тілдер» мерекесі қарсаңында мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру, халқымыздың ұлттық салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын насихаттау, отбасы және отбасы-неке қарым-қатынастары институтын нығайту мен отбасы құндылықтарын дәріптеу мақсатында ұйымдастырылған. Қазақтың келіндері ибалы инабаттылығымен ерекшеленеді. Үлкенге қарсы келмей, күйеуін құдайындай сыйлаған, ата-енеге, қайындарына сыйлы бола білген. Ал келініне екінші ана бола білген, адамға жырық ғұмыр сыйлап, бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен аяулы да абзал аналарымыздың да орны қашанда бөлек.

Байқау үш кезеңнен тұрды. Текауданымыздан ғана емес барлық селолық округтерден шақырылған. Олардың ішінде Михайлов, Волгодон, Анар, Сарыоба селоларынан және Аршалы кентінен келіп келін мен ене жұп болып қатысты. Михайлов селолық округінен Сайранкүл Аманкүлқызы Арынова мен келіні Айгерім Алтынбекова, Волгодон селолық округінен Ләйла Қойшыбекқызы Әбдуәлиева мен келіні Сандуғаш Әбілхайырова, Аршалы кентінен Жадыра Бекмурзина мен келіні Айниса Саржанова, Сарыоба селолық округінен Жібек Әліппек пен келіні Гүлбарам Жұмай, Анар селолық округінен Нұрғаным

Ақанқызы Қожахметова мен келіні Ботагүл Тоқмағамбетовалар қатысты. Барлығы жақсы дайындықта келген. Қатысушылар бар өнерлерін салып, ене мен келін арасындағы қарым-қатынасты көрсетіп, ененің жаңа түскен келінді өз отбасыларына сіңісіп кетуіне, қалай тәрбиелеу керектігін, қайын жұртына деген ізгі сыйластықты, ата-ене, қайын аға, қайын іні, қайын сіңілілерді балама атпен атау сияқты шағын сахналық қойылымдарды көрсетті. Сайысқа әділ қазылар алқасы да тағайындалды. Аршалы ауданының ардагерлер кеңесінің төрайымы Ұзақбаева Шырынкүл Мұхамедиярқызы, ішкі саясат бөлімінің бас маманы Смағұлова Жұлдыз Сағынтайқызы, «Ақ әжелер» клубының мүшесі Байғұзинуова Пана Аменқызы қазылық етті. Байқау соңында қазылардың әділ бағасымен Волгодон селолық округінен келген Ләйла Қойшыбекқызы Әбдуәлиева мен келіні Сандуғаш Әбілхайыроваларға бірінші орынды берсе, екінші орынды Аршалы-кенті Жадыра Бекмурзина мен келіні Айниса Саржанова, үшінші орынды- Сарыоба селолық округінен Жібек Әліппек келіні Гүлбарам Жұмай, төртінші орынды - Анар селолық округінен Нұрғаным Ақанқызы Қожахметова мен келіні Ботагүл Тоқмағамбетоваға, бесінші орынды- Михайлов селолық округінен Сайранкүл Аманкүлқызы Арынова мен келіні Айгерім Алтынбековалар иеленді. Байқау қызықты әрі өмірлік маңызы зор тәрбие аларлықтай деңгейде өтті. Олай болса еліміздің барлық ежелері мен келіндері арасындағы сыйластық ажырамасын демекпіз.

**Қ. ЖЕКСЕНОВА.**



■ Мемлекеттік стандарт

# ЭНЕРГЕТИКА ЗАҢЫНА ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ

Энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдардың күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын алу қағидалары

Ескерту. Қағиданың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 09.12.2015 № 706 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдардың күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Электр энергетикасы туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабының 69) тармақшасына сәйкес әзірленді және энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдардың күзгі-қысқы жағдайларда жұмысқа әзірлік паспортын алу қағидаларын айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 09.12.2015 № 706 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда қолданылатын терминдер мен анықтамалар Заңына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес қолданылады.

2. Энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдардың күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын алу тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 09.12.2015 № 706 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы Заңына сәйкес белгіленген электр қуаты 5 Мегаватттан (бұдан әрі – МВт) астам, сондай-ақ өз теңгерімінде 110 килоВольт (бұдан әрі – кВ) және одан жоғары кернеудегі электр желілері бар энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдардың күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлігінің паспорттарын (бұдан әрі – әзірлік паспорты) мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік орган осы Қағидалардың 1-қосымшасының нысанына сәйкес береді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 09.12.2015 № 706 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Заңның 6-бабы 10-1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, барлық қуаттағы жылыту қазандықтары мен жылу желілерінің (магистральдық, орамшылдық) күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспорттарын жергілікті атқарушы органдар береді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 09.12.2015 № 706 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, өз құрамында кернеуі 35 кВ және одан төмен электр желілері бар энергия беруші ұйымдарға, сондай-ақ белгіленген электр қуаты 5

МВт және одан төмен энергия өндіруші ұйымдарға әзірлік паспорттарын мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері береді.

6. Жергілікті атқарушы органдар, мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік орган немесе оның аумақтық бөлімшелері энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдардың (бұдан әрі – ұйымдар) өтініштерін қабылдауды жыл сайын 15 қыркүйектен бастап жүзеге асырады.

7. Әзірлік паспортын алу үшін ұйымдар жыл сайын 1 қазанға дейінгі, жүйелік оператор 25 қазанға дейінгі мерзімде осы Қағидалардың 3, 4, 5-тармақтарына сәйкес мына құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдардың күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлігінің паспортын алуға өтініш;

2) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдардың күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік актісі (бұдан әрі – әзірлік актісі).

Әзірлік актісіне осы Қағидаларға 4-қосымшада көрсетілген ұйымдардың күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын алу шарттарының (бұдан әрі – шарттар) орындалғанын растайтын құжаттар қоса беріледі;

3) станциялардың, электр және жылу желілерінің негізгі және қосалқы жабдығының, ғимараттар мен құрылыстардың техникалық жай-күйі туралы, сондай-ақ ұйымның күзгі-қысқы кезеңде Заңның 9-1-бабы 5-тармағына сәйкес бекітілген температуралық кестелерге, Заңның 15-3-бабы 2-тармағына сәйкес электр қуатының теңгерімдеріне сәйкес тұтынушыларға жылу және электр энергиясын беруді қамтамасыз етуге әзірлігі туралы аккредиттелген сарапшы ұйымның қорытындысы.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 09.12.2015 № 706 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген құжаттар нөмірленеді, байланысты және шарттарда көрсетілген жүйелілікке сәйкес орналастырылады, сондай-ақ басшының қолымен және ұйымның мөрмен қуаңдалырылады.

9. Әзірлік актісін дайындау үшін ұйымдар жыл сайын энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдардың күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлігін айқындау жөніндегі комиссиясын (бұдан әрі – ұйым комиссиясы) құрады және 1 қыркүйектен бастап жұмыс істей бастайды.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 09.12.2015 № 706 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Ұйым комиссиясы төрағадан, төрағаның орынбасарынан және оның мүшелерінен тұрады. Комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды, кемінде бес адамды құрайды.

Ұйым комиссиясының құрамына ұйымның басшылары және басқа да жауапты лауазымды тұлғалар, жергілікті атқарушы органның және мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерінің өкілдері кіреді.

Қуаты 100 Гигакалория/сағ (бұдан әрі – Гкал/

сағ) дейін энергия өндіруші ұйымдар құрған ұйым комиссиясының құрамына ұйымның басшылары және басқа да жауапты лауазымды тұлғалары кіреді.

Мемлекеттік органдардың өкілдері өз жұмысын өз құзыреті шегінде жүзеге асырады.

11. Ұйым комиссиясының төрағасы болып ұйымның бірінші басшысы, ал ол болмағанда оны алмастыратын тұлға тағайындалады. Төрағаның орынбасары болып жергілікті атқарушы органның өкілі тағайындалады.

12. Ұйым комиссиясы энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдардың күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлігін айқындайды.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 09.12.2015 № 706 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Ұйым комиссиясы жұмысының қорытындыларын бойынша әзірлік актісі ресімделеді және оған барлық мүшелері қол қояды.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 09.12.2015 № 706 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Егер орыста ұйым комиссиясы мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан болса, комиссия шешімі заңды болып есептеледі. Дауыс беру нәтижелері отырысқа қатысқан ұйым комиссиясы мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады.

15. Ұйымдардың күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзір еместігі жағдайында ұйым басшылығы кемшіліктерді жоюдың нақты мерзімдерін көрсете отырып, іс-шаралар жоспарын әзірлейді және оны ұйым комиссиясымен келіседі. Келісілген іс-шаралар жоспары әзірлік актісіне қоса беріледі.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 09.12.2015 № 706 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Ұйымдардың күзгі-қысқы жағдайларда жұмысқа әзір еместігі жағдайында ұйым басшылығы кемшіліктерді жоюдың нақты мерзімдерін көрсете отырып, іс-шаралар жоспарын әзірлейді және оны ұйым комиссиясымен келіседі. Келісілген іс-шаралар жоспары әзірлік актісіне қоса беріледі.

16. Барлық қосымшаларымен бірге әзірлік актісі екі данада жасалады, оның бір данасы ұйымда сақталады, ал екінші данасы әзірлік паспортын алу үшін өтінішке қоса беріледі.

17. Ұсынылған құжаттар толық болмаған жағдайда, жергілікті атқарушы орган, мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік орган немесе оның аумақтық бөлімшесі өтініш түскен күнінен бастап он жұмыс күні ішінде ұйымның атына жетіспейтін мәліметтер мен материалдарды ұсыну қажеттігі туралы сұрау жібереді.

18. Ұйым сұрау түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жетіспейтін мәліметтер мен материалдардың жіберілуін қамтамасыз етеді.

19. Осы Қағидалардың 18-тармағында белгіленген мерзімде мәліметтер мен материалдар ұсынылмаған жағдайда жергілікті атқарушы орган, мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік орган немесе оның аумақтық бөлімшесі өтінішті қараусыз қайтарады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энерге-

тика министрінің м.а. 09.12.2015 № 706 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Ұйымдардың әзірлік паспортын алуға өтініштерін қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау үшін жергілікті атқарушы орган, мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік орган немесе оның аумақтық бөлімшесі энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдардың күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын алуға өтініштерін қарау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – комиссия) құрады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 09.12.2015 № 706 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері құратын комиссия құрамына мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінің және жергілікті атқарушы органның өкілдері келісім бойынша енгізіледі.

22. Комиссия әзірлік паспортын алуға өтініштерді қарауды 1 қарашаға дейін жүзеге асырады.

23. Комиссия жергілікті атқарушы орган, мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік орган немесе оның аумақтық бөлімшесі басшысының бұйрығына сәйкес құрылады және жыл сайын 15 қыркүйектен бастап жұмыс істей бастайды.

24. Комиссия төрағадан, төраға орынбасарынан, хатшыдан және оның мүшелерінен тұрады. Комиссия хатшысы комиссия отырысының ұйымдастыруды жүзеге асырады және оның дауыс беру құқығы жоқ.

Комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды, кемінде бес адамды құрайды.

25. Жергілікті атқарушы орган құратын комиссияның төрағасы болып жергілікті атқарушы органның басшысы немесе оны алмастыратын тұлға тағайындалады.

Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік орган құратын комиссияның төрағасы болып мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органның басшысы немесе оны алмастыратын тұлға тағайындалады.

Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесі құратын комиссияның төрағасы болып мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінің басшысы немесе оны алмастыратын тұлға тағайындалады.

26. Комиссия әзірлік паспортын алуға ұсынылған материалдарды қажеттілігіне қарай зерделейді.

27. Егер Комиссия отырысында комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан болса, комиссия шешімі заңды болып есептеледі. Дауыс беру нәтижелері отырысқа қатысқан комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады.

28. Қарау қорытындыларын бойынша комиссия мынадай негізделген шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) әзірлік паспортын беру;
- 2) әзірлік паспортын ескертулермен беру;
- 3) әзірлік паспортын беруден бас тарту.

29. Комиссиямен әзірлік паспортын беру туралы шешімін қабылдауға әзірлік паспортын алу үшін шарттарды орындағанын анықтайтын ұсынылған құжаттардың көлемі мен мазмұнының сәйкестігі негіз болып табылады.

30. Комиссияның әзірлік паспортын беру шешімі кезінде хаттамаға қол қойылғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге әзірлік паспорты қолма-қол беріледі немесе пошта арқылы жіберіледі.

Берілген әзірлік паспорттары осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдардың күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспорттарын тіркеу журналында тіркеледі.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 09.12.2015 № 706 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Комиссиямен әзірлік паспортын ескертулермен беру туралы шешімін қабылдауға әзірлік паспортын алу үшін шарттарды орындағанын анықтайтын ұсынылған құжаттардың көлемі мен мазмұнының сәйкестігі негіз болып табылады, бұл ретте кейбіреулерінің мазмұны бойынша қосымша түсіндірмелер, материалдар және негіздеулер ұсынылуы қажет.

Ескертулер келесі жылдың 1 қаңтарына дейін жою үшін белгіленіп беріледі.

Берілген ескертулерді орындау туралы ақпаратты ұйым мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органға, оның аумақтық бөлімшелеріне, жергілікті атқарушы органға ескертулерді орындау мерзімі өткен күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.

32. Комиссиямен әзірлік паспортын беруден бас тарту туралы шешімін қабылдауға әзірлік паспортын алу үшін шарттарды орындағанын анықтайтын ұсынылған құжаттардың көлемі мен мазмұнының сәйкестігі негіз болып табылады.

33. Комиссия әзірлік паспортын беруден бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда, хаттамаға қол қойылғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде өтініш берушіге комиссия отырысының хаттамасынан үзінді қоса беріле отырып, дәлелді хат жіберіледі.

Комиссияның шешімі алдағы күзгі-қысқы кезеге ғана қолданылады. 34. Белгіленген мерзімде әзірлік паспортын алмаған ұйым күзгі-қысқы жағдайларда жұмысты жалғастырады және ескертулерді комиссия отырысының хаттамасында көрсетілген мерзімдерде жоюды қамтамасыз етеді. Күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысты жалғастыру әкімшілік жауапкершіліктен босатпайды.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 09.12.2015 № 706 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Жергілікті атқарушы органның, мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органның немесе оның аумақтық бөлімшелерінің бақылау қызметі немесе технологиялық бұзушылықтарды тексеру барысында нәтижелері бойынша әзірлік паспортын беру туралы шешім қабылдаған, сондай-ақ белгіленген мерзімде ескертулер алынбаған жағдайда мәліметтерді сәйкестігі, құжаттардың бұрмаланғанын анықталған кезде берілген әзірлік паспорттан оны берген мемлекеттік орган жоюды.

36. Ұйымдар үшін әзірлік паспортын алу мерзімі жыл сайын 1 қарашаға дейін, ал жүйелік оператор үшін жыл сайын 25 қарашаға дейін.

■ Қасиетті құрбан айт

## ТІЛЕГІ БІР ЖАНДАРҒА МЕЙІРІМ ДЕ МӨЛ БОЛАР

Аршалы ауданы аумағында орналасқан ЕЦ – 166/5 мекемесінде құрбан айт мерекесіне орай шара ұйымдастырылды. Алғашқы сөз кезегін мекеме бастығының міндетін атқарушы, әділет майоры Ерлан Темірғалиұлы Ұзақбаев алып, жиналған жандарды бұл қасиетті айт мерекесімен құттықтап, тек қана жақсы оймен, жақсы ниетпен өмір сүріп, барлығына да сараптама жасап, болашақтағы мазмұнды өмірге сенім артуларын тіледі. Содан кейін Астана қаласы бойынша қылмыстық атқару жүйесі департаментінің әділет капитаны Бибігүл Серікқызы Мұнайтпасоваға сөз берілді. Ол өз сөзінде осы мекемеге келіп, осындай шараның жақсы ұйымдастырылып, өткізіліп жатқанына ризашылығын білдірді.

Ең бастысы адамзаттың жақсы нәрсеге деген сенімдерінің жоғалмағандығы мен уақыттарын мағыналы өткізіп жатқандықтарының маңыздылығына тоқталды.

Құрбан айт мерекесіне

орай жазасын өтеушілердің, яғни Қобыланды Маратұлы Абдуалиевтің ұйымдастыруымен Рамиль Горифуллин және Руслан Жафаровтың қатысуымен концерттік бағдарлама тарту етілді. Бұл дегеніміз өнердің ешқай жерде тұншықпайтындығының айғағы еді. Тыңдармандарға қатты ұнады. Содан кейін Аршалы ауданының имамы Ерболат Хазтайдың алып келген, арнайы құрбандыққа шалынып, таратылуға берілген еті пісіріліп, мекеме асханасында дастархан жасалды.

Бұл әрине жақсылығы басым шара болды. Ақ ниетпен, Аллаға сыйынып, бір-біріне жақсылық тілегендерге қарап отырып, өмірде аяғын шалыс басар жандар қатары азайып, қоршаған ортамызда тек қана еркіндікте бақытты жандар мол болсын деген тілекте болады екенсің.

**В. ИВАЩЕНКО,**  
ЕЦ-166/5 мекеме бастығының орынбасары, әділет майоры.



■ Денсаулық

## ТУБЕРКУЛЕЗ-ЖҰҚПАЛЫ ДЕРТ

Туберкулез қандай ауру?

Туберкулез «лат.tuberculum-төмпешік), ескіше: құрт ауру, көксау- адам мен жануарларда болатын өкпенің және өкпеден тыс басқа ағзалардың жедел немесе созылмалы түрде болатын жұқпалы ауру.

Қазіргі уақытта дүниежүзінің әрбір үшінші адамы (Mikobakterium tuberculosis) инфицирленген. 2013 жылы әлемде 9 миллион адам ауырып, 1,5 миллион адам қайтыс болған. Адамды қаза табуына басқа бактерияларға қарағанда туберкулез микобактериясы септігін көп тигізеді.

Туберкулез қалай жұғады? Негізгі жұғу жолы аэрозольды немесе аэрогенді (ауалы тамшылы ауалы шаңды) алиментарлы, қарым-қатынастық. Туберкулездің белгілері:

әлсіздік, тез шаршау, асқа зауқы соқпау, жүздеу, 3 аптадан аса жөтеліп жүру, түнде немесе ұйқыдан ояған кезде терлеу, дене қызуының 37 градустан жоғары көтерілуі, түстен кейінгі мезгілде бейжай болуы. Осындай белгілер білінесе міндетті түрде терапевт-дәрігерге көрініп, қақырықты үш күн қатарынан үш рет «Кох таяқшасына» тексеру керек.

Туберкулезден жазылу үшін не істеу керек?

Туберкулезбен ауырған адам одан жазылу үшін ұзақ уақыт дәрі ішіп, емдік шараларын пайдалану керек екенін білуі тиіс.

Туберкулезді анықтау әдістері:

Ауруды әр түрлі әдіспен анықтайды. Туберкулезді ер-

терек анықтау мақсатымен балаларға тері астына дәрі жіберіп, жаппай тексеру жүргізіледі (манти реакциясы). Халықты жаппай флюорографиялық (рентгенологиялық жолмен) тексерудің маңызы зор. Бак-скопия- қақырықты микоскоп арқылы тексеру.

Туберкулезден қалай сақтануға болады?

«Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» демекші, туберкулезден сақтануға болады. Адам ағзасының қорғаныс жүйесін күшейту үшін туберкулезге қарсы БЦЖ вакцинасын егу. Салауатты өмір салтын ұстану. Тазалықты сақтау. Дұрыс тамақтанып, зиянды әдеттен бас тарту керек. Дене шынықтыру, жаттығулар жасау керек.

■ Жұмыспен қамту - жол картасы-2020

## БАҒДАРЛАМА ӨЗ ӨРІСІН КЕҢІТУДЕ

Ағымдағы жылдың 7 қыркүйегінде ТЖБ қызметкерлері Аршалы ауданындағы «Жұмыспен қамту - жол картасы-2020» бағдарламасын жүзеге асыру аясында "Кәсіпкерлік саласын прокуратуралық тұрғыда қадағалау" тақырыбында Аршалы ауданы әкімдігінің мәжіліс залында дөңгелек үстел өткізіп, ол шараға "Кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" ММ, Аршалы ауданының "Нұр Отан" партиясының, "Атамекен" ұлттық кәсіпкерлер палатасының, "Аршалы аудандық мемлекеттік

кірістер басқармасы", "Аршалы ауданының әділет басқармасы", "Аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы", "Аршалы ауданының жер қатынастары бөлімі" ММ өкілдері мен Аршалы ауданының кәсіпкерлері шақырылды.

Дөңгелек үстел өткізу барысында ТЖБ қызметкерлері кәсіпкерлік нысандарындағы өрт қауіпсіздігі жөніндегі мәселелер мен сұрақтарды қарап, көрнекі үгіт-насихат берді. Қатысушыларға "Азаматтарды қорғау туралы" ҚР Заңының негізгі ережелеріндегі азаматтық

қорғау саласына қатысты өрт қауіпсіздігін бақылау және Азаматтық қорғаныс заңына енгізілген өзгерістер жайында түсіндірді. 2015 жылғы өрт қауіпсіздігі саласына енгізілген өзгерістерге байланысты тексерулерге балама ретінде дәрежесі жоғары нысандарды бақылау жайында егжей-тегжейлі түсіндірілді. Сонымен қатар, өрт қауіпсіздік ережелерін сақтамай бұзғаны үшін ҚР ӘҚБК жаңа санкциялар жайында жазылған мақалалар туралы да айтылды





## Ақмола облыстық «Қазақстан» РТРК» АҚ филиалының 2016 ж. 26 қыркүйектен- 02 қазанға дейінгі бағдарламасы «Қазақстан-Көкшетау»

**26 қыркүйек, Дүйсенбі**  
09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны  
09.05 Т/х «Бірінші ханым». 25 серия  
09.55 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»  
10.00 «Өңір өрнегі».  
10.30 «Картина недели»  
11.00 Т/с «Аяулы арман». 1,2 серия  
12.30 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»  
12.35 «АКТУАЛЬНАЯ ТЕМА». Передача  
13.05 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
13.10 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»  
13.15 «Салауат». Хабар  
13.30 «Аймақ ақпарат»  
14.00 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»  
14.05 М/с «Финес пен Ферб». 9,10 серия  
14.50 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»  
14.55 М/ф «Лупдиду».  
**15.00-17.50 техникалық үзіліс**  
17.50 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»  
**18.00 «Аймақ ақпарат»**  
18.30 «Өзекті әңгіме». Хабар  
19.00 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»  
19.05 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
19.15 «Полиглот». Хабар  
19.25 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»  
19.30 Д/ф «Сөнбес сәуле»  
19.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
20.00 «Аймақ ақпарат»  
20.30 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»  
20.35 «Полиглот». Хабар  
20.45 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»  
20.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
21.00 «Аймақ ақпарат»  
21.40 «Өзекті әңгіме». Хабар  
22.10 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»  
22.15 Т/х «Бірінші ханым». 26 серия  
**23.00 «Аймақ ақпарат»**  
23.40 Т/с «Подари мне жизнь». 5 серия  
00.30 К/ф «Екенің бесік жыры»  
01.50 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны  
**27 қыркүйек, Сейсенбі**  
09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны  
09.05 Т/х «Бірінші ханым». 26 серия  
09.55 «Экспертное мнение», «Телемаркет»  
10.00 «Аймақ ақпарат».  
10.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
10.55 «Экспертное мнение», «Телемаркет»  
11.00 Т/с «Аяулы арман». 3,4 серия  
12.30 «Экспертное мнение», «Телемаркет»  
12.35 «Өзекті әңгіме». Хабар  
13.05 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
13.10 «Экспертное мнение», «Телемаркет»  
13.15 «Полиглот». Хабар  
13.30 «Аймақ ақпарат»  
14.00 «Экспертное мнение», «Телемаркет»  
14.05 М/с «Финес пен Ферб». 11,12 серия.  
14.50 «Экспертное мнение», «Телемаркет»  
14.55 М/ф «Лупдиду».  
**15.00-17.50 техникалық үзіліс**  
17.50 «Экспертное мнение», «Телемаркет»  
**18.00 «Аймақ ақпарат»**  
18.30 «АКТУАЛЬНАЯ ТЕМА». Передача  
19.00 «Экспертное мнение», «Телемаркет»  
19.05 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
19.15 «Бизнес идея». Передача  
19.30 Д/ф «Сөнбес сәуле»  
19.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
20.00 «Аймақ ақпарат»  
20.30 «Экспертное мнение», «Телемаркет»  
20.35 «Бизнес идея». Передача  
20.45 Экспертное мнение», «Телемаркет»  
20.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
21.00 «Аймақ ақпарат»  
21.40 «АКТУАЛЬНАЯ ТЕМА». Передача  
22.10 «Экспертное мнение», «Телемаркет»  
22.15 Т/х «Бірінші ханым». 27 серия  
**23.00 «Аймақ ақпарат»**  
23.40 Т/с «Подари мне жизнь». 6 серия  
00.30 К/ф «Саюнды іздеу жолында»  
01.50 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны  
**28 қыркүйек, Сәрсенбі**  
09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны  
09.05 Т/х «Бірінші ханым». 27 серия  
09.55 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»  
10.00 «Аймақ ақпарат».

10.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
10.55 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»  
11.00 Т/с «Аяулы арман». 5,6 серия  
12.30 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»  
12.35 «АКТУАЛЬНАЯ ТЕМА». Передача  
13.05 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
13.10 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»  
13.15 «Бизнес идея». Передача  
13.30 «Аймақ ақпарат»  
14.00 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»  
14.05 Т/с «Финес пен Ферб». 13,14 серия  
14.50 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»  
14.55 М/ф «Лупдиду».  
**15.00-17.50 техникалық үзіліс**  
17.50 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»  
**18.00 «Аймақ ақпарат»**  
18.30 «Өзекті әңгіме». Хабар  
19.00 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»  
19.05 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
19.15 «Как это сделано». Передача  
19.30 Д/ф «Сөнбес сәуле»  
19.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
20.00 «Аймақ ақпарат»  
20.30 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»  
20.35 «Как это сделано». Передача  
20.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
21.00 «Аймақ ақпарат»  
21.40 «АКТУАЛЬНАЯ ТЕМА». Передача  
22.10 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»  
22.15 Т/х «Бірінші ханым». 28 серия  
**23.00 «Аймақ ақпарат»**  
23.40 Т/с «Подари мне жизнь». 7 серия  
00.30 Х/ф «Брачный договор»  
01.50 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны  
**29 қыркүйек, Бейсенбі**  
09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны  
09.05 Т/х «Бірінші ханым». 28 серия  
09.55 «Экспертное мнение», «Телемаркет»  
10.00 «Аймақ ақпарат».  
10.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
10.55 «Экспертное мнение», «Телемаркет»  
11.00Т/с «Аяулы арман». 7,8 серия  
12.30 «Экспертное мнение», «Телемаркет»  
12.35 Д/ф «Келбет»  
13.05 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
13.10 «Экспертное мнение», «Телемаркет»  
13.15 «Как это сделано». Передача  
13.30 «Аймақ ақпарат»  
14.00 «Экспертное мнение», «Телемаркет»  
14.05 Т/с «Финес пен Ферб». 15,16 серия.  
14.50 «Экспертное мнение», «Телемаркет»  
14.55 М/ф «Лупдиду».  
**15.00-17.50 техникалық үзіліс**  
17.50 «Экспертное мнение», «Телемаркет»  
**18.00 «Аймақ ақпарат»**  
18.30 «Өзекті әңгіме». Хабар  
19.00 «Экспертное мнение», «Телемаркет»  
19.05 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
19.15 «Вкратце». Передача  
19.30 Д/ф «Сөнбес сәуле»  
19.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
20.00 «Аймақ ақпарат»  
20.30 «Экспертное мнение», «Телемаркет»  
20.35 «Вкратце». Передача  
20.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
21.00 «Аймақ ақпарат»  
21.40 «Өзекті әңгіме». Хабар  
22.10 «Экспертное мнение», «Телемаркет»  
22.15 Т/х «Бірінші ханым». 29 серия  
**23.00 «Аймақ ақпарат»**  
23.40 Т/с «Подари мне жизнь». 8 серия  
00.30 К/ф «Орындалмаған арман»  
01.50 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны  
**30 қыркүйек, Жұма**  
09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны  
09.05 Т/х «Бірінші ханым». 29 серия  
09.55 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»  
10.00 «Аймақ ақпарат».  
10.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
10.55 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»  
11.00 Т/с «Аяулы арман». 9,10 серия  
12.30 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»  
12.35 «Өзекті әңгіме». Хабар  
13.05 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
13.10 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»  
13.15 «Вкратце». Передача  
13.30 «Аймақ ақпарат»  
14.00 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»  
14.05 Т/с «Финес пен Ферб». 17,18 серия  
14.50 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»  
14.55 М/ф «Лупдиду».  
**15.00-17.50 техникалық үзіліс**  
17.50 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»  
**18.00 «Аймақ ақпарат»**  
18.30 «АКТУАЛЬНАЯ ТЕМА». Передача  
19.00 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»  
19.05 «Кендерек». Кеңейтілген

репортаж  
19.15 «Салауат». Хабар  
19.25 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»  
19.30 Д/ф «Сөнбес сәуле»  
19.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
20.00 «Аймақ ақпарат»  
20.30 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»  
20.35 «Салауат». Хабар  
20.45 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»  
20.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
21.00 «Аймақ ақпарат»  
21.40 «АКТУАЛЬНАЯ ТЕМА». Передача  
22.10 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»  
22.15 Т/х «Бірінші ханым». 30 серия  
**23.00 «Аймақ ақпарат»**  
23.40 Т/с «Любовь за любовь». 1 серия  
00.30 Х/ф «Смертельный номер»  
01.50 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны  
**01 тамыз, Сенбі**  
10.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны  
10.05 «Аймақ ақпарат».  
10.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж  
10.55 «Экспертное мнение», «Телемаркет»  
11.00 Т/х «Бірінші ханым». 30 серия  
12.00 «Спорт лайф». Хабар  
12.10 Д/ф «Келбет»  
12.40 «Экспертное мнение», «Телемаркет»  
12.45 «Өзекті әңгіме». Хабар  
13.10 «Экспертное мнение», «Телемаркет»  
13.15 М/с «Шерлок Як». 5,6 серия  
13.45 «Экспертное мнение», «Телемаркет»  
13.50 «Спорт лайф». Хабар  
**14.00 «Аймақ ақпарат»**  
14.40 «Томпак». 5 бөлім  
15.00 «Өзіндік ансап». С.Медеуовтың ән кеші  
16.30 «Экспертное мнение», «Телемаркет»  
16.35 «АКТУАЛЬНАЯ ТЕМА». Передача  
17.05 «Экспертное мнение», «Телемаркет»  
17.10 М/с «Финес пен Ферб» 19 серия  
17.30 М/с «Бала тілі бал»  
18.05 «Экспертное мнение», «Телемаркет»  
18.10 «Жыр – ғұмыр». Хабар  
18.30 «Знаете ли Вы?». Передача  
18.40 «Спорт лайф». Хабар  
18.50 «Народный вопрос». Передача  
19.00 «Өңір өрнегі».  
19.30 «Картина недели»  
20.00 «Экспертное мнение», «Телемаркет»  
20.05 Т/х «Бірінші ханым». 31 серия  
21.00 «Рухани мұра». Хабар  
21.10 «Знаете ли Вы?». Передача  
21.20 «Жыр – ғұмыр». Хабар  
21.40 Спорт лайф». Хабар  
21.50 «Народный вопрос». Передача  
22.00 К/ф «Әке махаббаты»  
00.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны  
**02 тамыз, Жексенбі**  
10.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны  
10.05 «Өңір өрнегі».  
10.35 «Картина недели»  
11.05 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»  
11.10 Т/х «Бірінші ханым». 31 серия  
12.00 «Томпак». 6 бөлім  
12.20 «Рухани мұра». Хабар  
12.35 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»  
12.40 «АКТУАЛЬНАЯ ТЕМА». Передача  
13.10 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»  
13.15 М/с «Шерлок Як». 7,8 серия  
13.45 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»  
13.50 «Рухани мұра». Хабар  
14.00 «Өңір өрнегі».  
14.30 «Картина недели»  
15.00 «Сағынып өмір сүремін». С.Жанболаттың шығармашылық кеші  
16.30 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»  
16.35 «Өзекті әңгіме». Хабар  
17.05 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»  
17.10 М/с «Финес пен Ферб». 20 серия  
17.30 М/с «Бала тілі бал»  
18.05 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»  
18.10 «Рухани мұра». Хабар  
18.20 «Народный вопрос». Передача  
18.30 «Знаете ли Вы?». Передача  
18.40 «Жыр – ғұмыр». Хабар  
19.00 «Өңір өрнегі».  
19.30 «Картина недели»  
20.00 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»  
20.05 Т/х «Бірінші ханым». 32 серия  
21.00 «Ербол Спанадиевтің шығармашылық кеші».  
21.55 «Пәрменді пікір», «Телемаркет»  
22.00 К/ф «Ақ періште»  
00.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

### ■ Сыр- сұхбат

## ОТАНДЫҚ ЖЕРСЕРІКТІК ТУРАЛЫ

«ОТАУ TV» жерсеріктік телевизия қызметтері үшін абоненттік төлемді көтеру мәселесі бойынша «Қазтелерадио» АҚ өңірлік өкілдерінің директорларымен сұхбат

«Қазтелерадио» АҚ «ОТАУ TV» жерсеріктік телевизия қызметінің «Толық» арналар топтамасы үшін абоненттік төлем құнын 2016 жылдың 1 қыркүйегінен бастап көтеру туралы хабарлады. Бұл неге байланысты және құн каншалықты өзгереді, осы мәселеге байланысты Арсланбеков Винаер Зекриянович облыстық филиал директорынан баяндап беруін өтіндік.

«ОТАУ TV» жерсеріктік телевизиясының абоненттік төлемінің көтерілуі неге байланысты?

ОТАУ TV жерсеріктік телевизиясының қызметі ақылы және ақысыз негізде көрсетілгеніне назар аударғымыз келеді, яғни 55 казахстандық теле, радиоарналар негізгі топтамада, оны біздің абоненттер ақысыз көреді, ал шетелдік арналарды көргісі келетіндер үшін құрамына 60-тан астам шетелдік арналар кіретін «Толық» топтамасы ұсынылған. Оның құны бұрын 2000 теңгені құрайтын, ал 1 қыркүйектен бастап ол 2500 теңгені құрайтын болды. Қызметтерге құнды арттырудың бірқатар себептері бар, негізгілердің бірі – бұл төлемақысы шетелдік валютада жүзеге асырылатын шетелдік арналардың контент құны, сондай-ақ таяу шетелдерден құқықтық иегерлеріне де. Абоненттік төлемақыны арттыру деңгейі сондай-ақ ұлттық валюта дағдарысының деңгейіне байланысты.

Біз, ОТАУ TV іске қосу кезінен бастап, 5 жылда абоненттік төлем құнын бірінші рет көтерудеміз. Ұзақ уақыт бойы абоненттік төлем құнын ұстай отырып және ұсынылып отырған контенттің сапасын еш нашарлатпай, біздің компания отбасының барлық мүшелеріне арналған топтама құрамын әйгілі, қызықты телеарналармен толықтыру үшін жұмыс жасады. Сонымен қатар, жерсеріктік сигналдың Қазақстан аумағының 100% қамтуы және елдің ешбір бұрышын қалдырмай барлық тұрғындардың қалтасы көтеруі деректерін ескере отырып, абоненттік төлемді 20% аспайтын мөлшерге көбейту шешімі қабылданды.

Сіздердің компанияларыңыз жерсеріктік хабар тарату қызметтерін ұсынады. Жерсеріктік хабар тарату операторы ретінде компания жұмысының ұстанымы неде?

Сұрағыңыз үшін рахмет, көптеген абоненттер бізді олардың теледидар экрандарында көретін контенттің жасаушысы деп есептейді және

бұл ретте «Қазтелерадио» АҚ өзі бағдарламалар мен кинофильмдерді жасайтын телеарна болып табылмайтынын, ал біздің елдің барлық жерлеріндегі көрермендер үшін сурет пен дыбысты жеткізу міндеттерін орындайтын, провайдердің міндеттерін атқаратынын атап өткіміз келеді. Біз, өз тарапымыздан «Толық» топтамасында ұсынылған арналардың барлық жастағы телекөрермендер үшін қызық болуы үшін жұмыс жасаймыз.

Абоненттік төлем құнын көтергеннен кейін ОТАУ TV абоненті қосымша қандай қызықты жаңалықтарға ортақ бола алады?

Мен атап өткендей, бұл шара мәжбүрлі, біз негізін қалағаннан бері бірінші рет абоненттік төлемді көтерудеміз. Kazsat-3 жерсерігіне хабар таратуға көшіруді есепке ала отырып, біз жылдың соңында HD-арналардан жаңа топтаманы тұтынушыларға ұсынуды жоспарлауымыз. Біз қызықты, танымдық телебағдарламалары, сериалдары, мультфильмдері, ғылыми құжатталған фильмдері және т.б. бар телеарналарды ұсына отырып, біздің тұтынушының бізбен бірге қалуы үшін шараларды күнделікті өткіземіз.

Сіздің тұтынушылар үшін арнайы ниеттестік бағдарламалар, акциялар бар ма?

Абоненттер үшін біз әрқашан акцияларды, ұтыстарды өткіземіз. Қазіргі таңда, мысалға 3, 6 немесе 12 айға ақылы топтамаға қосылу барысында абоненттерде басты жүлде – автокөлік ұтып алу және құнды жүлделердің ұтысына қатысу мүмкіндігі бар. Акция осы жылдың қыркүйегіне дейін жарамды. Осы жылдың күзінде абоненттер жаңа акцияларды күтулеріне болады, ол туралы ақпараттар БАҚ және компанияның ресми ресурстарында берілетін болады.

Сұрақ: Сіздердің қызметтеріңізді қалай төлеу қажет және шоттың жағдайы қалай білуге болады?

Қызметтерді банктердің есеп айырысу – кассалық бөлімшелері, «QIWI» «Касса 24», Тенге терминалдары; өз қалаңыздағы Қазпошта бөлімшелері арқылы және серіктес – банктердің интернет – банкингінің көмегімен төлеуге болады, осы барлық ақпарат otatv.kz сайтында бар. Дербес шоттағы қаражаттардың жағдайы туралы нақты ақпаратты «02\*қабылдағыштың нөмірі» мәтінімен 7101 нөміріне SMS – хабарламаны жібере отырып білуге болады.

### ■ Денсаулық

## ШЫНЫҒСАҢ ШЫМЫР БОЛАРСЫҢ

Өткен аптада №3 АОМ Денсаулық күніне арналған «Күн шуақ» шағын орталығының ұйымдастыруымен отбасылық сайыс өтті. Бұл сайыстың мақсаты балалардың көтеріңкі көңіл-күйін туғызу, балаларды ойындар арқылы ақыл-ойының толысып өсуіне ықпал жасау. Сайыс кезінде қызығып қатысуына, бір-біріне деген қарым-қатынасты дамыту, денешынықтыру сабағына қызығушылықтарын арттыру яғни салауатты өмір салтын қалыптастыру. Сайысқа «Жас қыран» тобынан Теміркен отбасы, «Қарлығаш» тобынан Жанғабұловтар отбасы, «Балдырған» тобынан Зейнехан отбасы, «Бәйтерек» тобынан Ерғалиевтар отбасылары қатысты. Әр топтан бір бала

ата-анасымен қатысты. Сайыс өте қызықты өтті. Сайыс 5 бөлімнен құралып, барлық ата-аналар белсенді түрде балалары үшін өз өнерлерін көрсетіп, барынша ат салысты. Әділ қазылар алқасы да өз әділ бағаларын қоя келе 4 топқа әр номинация бойынша орындар берілді. Жас қырын тобына «Мерейлі отбасы», Қарлығаш тобына «Белсенді отбасы», Балдырған тобына «Салмақты отбасы», Бәйтерек тобына «Сүйкімді отбасы» номинациялары берілді. Сайыс қызықты әрі тартысты өтті.

«Денсаулық- зор байлық» демекші бізде өз кезегімізде барлық отбасыларға денсаулық, мықты азаматтар мен азаматшалар тәрбиелеулеріңізге тілектеспіз.

Қ. ДАСТАНҚЫЗЫ.

#### СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Аршалы ауданы бойынша Салық басқармасында жемқорлықпен күрес және қызметтік этиканы сақтау мәселелері бойынша Комиссия қызмет жасайды. Заннаманың бұзылуының айғағы және салық қызметіндегі лауазымдық тұлғалардың қызметтік этикасы бойынша жіберілген қателіктері туралы 2-20-32 телефонына хабарласып, айта аласыз.

|                                        |                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                    |
|----------------------------------------|-------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Меншік иесі: «Аршалы – инфо» ЖШС       | РЕДАКТОР          | Біздің мекенжайымыз және телефонымыз: 020200, Аршалы кенті, аудандық әкімдік, 1 қабат. Байланыс телефоны: жарнама бөлімі – 2-13-57. Хабарландыру және жарнама мазмұнына жарнамашы жауап береді. Жарияланған мақалалардағы автор көзқарасы редакцияның ой-ұстанымын, пікірін білдірмейді. | Апталық таралымы 271 дана. Көлемі 2 баспа табак. Тапсырыс № Индекс: 65815. Газет Астана қаласы, Брусиловский көшесі, 87, «Астана Полиграфия» АҚ теріліп, басылады. |
| Газет аудан әкімінің қолдауымен шығады | М. МЫРЗАТХАНҚЫЗЫ. |                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                    |

Газетті есепке қою туралы мемлекеттік №7841-Г куәлікті 2006 жылы 16 қарашада Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат Министрлігі берген.